

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округі Тюменка ауылының көшелеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын селолық округі әкімінің 2012 жылғы 10 желтоқсандағы N 41 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қаңтарда N 2086 болып тіркелді.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "селосы", "селолық", "селосының" сөздері " ауылы", "ауылдық", "ауылының" сөздерімен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округі әкімінің 20.08.2018 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Тюменка ауылы тұрғындардың пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округі Тюменка ауылының көшелеріне атау берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Б. Имантаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Аққайың ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

О. Плищенко

2012 жыл 10 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

"Аққайың ауданының құрылыс бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

А. Шаббаев

2012 жыл 10 желтоқсан

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы
Тоқшын ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 10
желтоқсан № 41 шешіміне қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округі
Тюменка ауылы көшелерінің атауы**

- 1) № 1 көше - Бірінші көшесі;
- 2) № 2 көше - Екінші көшесі;
- 3) № 3 көше - Новостройка көшесі;
- 4) № 4 көше - Черемушки көшесі;

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК